

FTAMP 14.07.13

Ә. Мұса (orcid-0000-0002-1251-8291)*Оқытушы**Т. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясы, Алматы қ., Қазақстан*
*Электрондық пошта: tatai09@mail.ru***МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕР – ТӘРБИЕ НЕГІЗІ**

Аңдатпа. Мақалада музыкалық өнердің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы жайында айтылады. Мақалада білім алушыларды тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратын музыкалық өнердің әсері егжей-тегжейлі зерттеледі. Авторлар музыкалық фольклорға ерекше назар аударады, оның ерекше қасиеттері жас оқушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыруға пайдалы әсер ететіні баяндалады.

Тірек сөздер: фольклор, кәсіби өнер, тәрбие, эфир, жаһандану, адами, ұлт, ән, күй, жыр, дастан, әнші, бюджет.

Кіріспе. Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын зерделі зиялылары мен ойшылдарын толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске түсірген ізгі мұрат, игі арманы.

Кезінде ұрпақ тәрбиесі, ел тағдыры жөнінде елеулі еңбектер жазып, аталық ақыл айтқан ғалым, профессор Б.Кенжебаев: «Қазақта: «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» – деген дана сөз бар. Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыртатын ата-ана да қыран болуы керек» – деп отбасы тәрбиесіне ерекше мән берген. Себебі, отбасы – алтын бесік.

Зерттеу шарттары мен әдістері. «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» – деп немерелерін халық кәусарынан еркін сусындатқан Шоқанның әжесі Айғаным, Абайдың әжесі Зеренің тұлғалары еріксіз ойға із қалдырған абзал аналар кейінгі ұрпаққа жол көрсетер темірқазықтай, күн өткен сайын нұрын төгіп тұр.

Ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу үлгісін арыдан іздеуіміз керек. Себебі, өзінен кейінгі ұрпақты өзінен гөрі ақылды, жігерлі, қайырымды етіп тәрбиелеу – ата-бабаларымыздың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан арман-тілегі [1].

Қазақ қашанда баласының құлағына жыр-дастандарды, ән-күйді сіңіріп өсірген. Бала күнінен құлағында қалған батырлар жыры, лирикалық әндер тұлға ретінде қалыптасып келе жатқан жеткіншекті теріс қылыққа, жағымсыз мінезге жібермеген. Оның санасында жатталып қалып, кейін ыңылдап жүріп айтқан әні немесе жырдан айтылған үзінді ішкі жан дүниесіне азық боп, ұстанар ұстанымын, өмірдегі адами қасиеттерді бойына сіңіріп тұрғаны анық.

Көпшіліктің көзіне түсіп, аузына ілінген кәсіптің басқа саласында жүрген ел азаматтарының қазақтың ертегілерінен бастап жыр-дастардарын тыңдамағаны, әнін айтпағаны жоқ. Қала берді қолына домбыра алып күй тартуға бар. Мұндай ұлттың әдебиеті мен өнеріне қызығушылық кез-келген адамның бойындағы ұлтқа деген жанашырлықты, махаббатты оятатыны анық.

Ұлтын сүйген адам ешқашан жаман әрекетке бармақ емес. Ол ақиқат. Әрине, бұл жас балаларды таңның атысынан кештің батысына дейін тек қазақтың ән-күйін, жыр-дастандарын мәжбүрлеп тыңдату деген сөз емес. Жадына сіңіре білу. Әйтпесе, әр баланың қызығушылығы әртүрлі болатыны заңдылық. Бала өмірге бейімделіп, таңдау жасағанға дейін ата-ананың міндеті

оның бойына адами қасиеттер мен ұлттық құндылықтарымызды қадірлей білетін қасиет сіңіру. Өзінің кім екенін таныту. Осындай “жақсы ата-анадан” тәрбие алған ұл мен қыз, “жақсы ұстаздан” тәлім алса, “жақсы ортада” “толық адам” болатынына күмәнданбаңыз [2].

М.Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде «Педагог, баланы міндетті түрде қандай ортада өсіп және қандай қызмет ететіндігін халық тәжірибесі мен дәстүріне сүйене отырып тәрбиелеу керек» – деп жазады. Ол бала тәрбиелеуде туған тіл табиғатына үлкен көңіл бөлген. Дәстүрлі тәрбиеден қол үзуге болмайтындығын меңзеген.

Біз “әдебиет пен өнер - егіз” десек те, екеуін бөле-жарып, біреуіне қыңыр қарайтынымыз өтірік емес. Себебі, дүниенің тілге тіреліп тұрғаны рас. Ол талассыз дүние. Бірақ, сол тілге жан бітіріп, оның күш-қуатын арттырып, әсерлеп тұрған әуен емес пе?! Ендеше, неге бөле қараймыз?

Байқасаңыз, бала сөзді әуенмен жаттайды. Оның жаны алдымен әуенді, сосын барып сөзді қабылдайды [3]. Яғни, тәрбие құралы ретінде сөзден саз бұрын тұр. Ендігі әңгіме, бұл күнде тегін тектеп болмайтын музыка жөнінде.

Зерттеу нәтижелері. Қоғам өзгергенде құндылықтардың да өзгеретіні заңдылық. Қоғам қалай өзгерсе де, өз құнын асырмаса, кемітпейтін “ұлттық құндылықтарымыз” бар емес пе? Біз кейінгі отыз жылда осы қадір тұтқан қымбат мұраларымыздың құнын тым төмен түсіріп алдық. Сол отыз жылда материалдық құндылықтар алға шықты. Мыңнан біреу болмаса тұтас халық боп, ұлт болып ақша табудың жолына түстік. Қазіргі уақытта ірі-ірі бай-бағландар пайда болды. Кәсібінің ретін тауып, еңбегі жанған миллионерлер мен аса ірі жер иелері (латифундисттер) бар. Тұрмысымыз түзелді. Жағдайымыз жақсарды. Бірақ, өзіміз сезбегенмен жанымыз жұтаң тартты. Рухани жұтаңдық артты. Арамызда ақша үшін өзге түгілі өзін сатып жіберуге даяр жандар көбейді. Жүрегіміздегі ешқашан адастырмайтын Отанға деген махаббат, Туған жерге деген пәк сезім кеміді.

Осының барлығы түптеп келгенде ұлттық мұрадан қол үзіп қалғандығымыздан деп ойлаймын. Кейінгі отыз жылда жекешеленбеген ештеңе қалған жоқ. Соның ішіндегі ең маңыздысы - бұқаралық ақпарат құралдары. Біз өкіметтікі деп жүрген республикалық телевидение мен радио, газет-журналдар акционерлік қоғам болып меншікке айналған. Бір сөзбен айтқанда, бізде мемлекеттің, ұлттың саясатын жүргізетін эфир мен баспа жоқтың қасы. Мемлекеттің мүддесін көздейді деген арналар мен баспа иелері республикалық бюджеттен бөлінген қаржының жетегінде. Бюджеттен алары жоқтар, ақша табу мен эфирді толтыру үшін және жекелеген тұлғалардың мүддесін көздейтін жас ұрпақ тәрбиесіне кері әсерін тигізетін хабарларды үйіп-төгіп беріп жатыр.

Біз орыс тілін қалаға келіп қажеттіліктен үйренсек, қазір қала түгілі ауылдағы балалар орыс тілінде сөйлейді. Өйткені, теледидарды да, телефонды да қоссаңыз барлық сізге керекті ақпарат пен балалар ойнайтын ойындар орыс тілінде. Қала берді ағылшынша. Бұның бәріне алдымен өзімізді кінәлауымыз керек. Басқа ешкім емес. Алып елдер қай жерде болса да өз саясатын жүргізеді, әрі оған белгілі мөлшерде жыл сайын қаржы бөліп отыратыны анық.

Басқаны айтпағанның өзінде бұрынғы Одақтың құрамында болған Әзербайжан мемлекеті орыс тілі үшін күніне екі-ақ сағат бөліп отыр. Ал, Түркіменстанда мүлдем орысша хабар түгілі, орыс тілі мүлдем оқытылмайды. Азиядағы мемлекеттер ғана емес, Балтық жағалауындағы

елдер де өздерінің мемлекеттік тілдеріне немғұрайлы қарағандарға 1000-нан 10000 еуроға дейін айыппұл арқалатуға дайын.

Ал, біз ұлт ретінде бір жөнге келе алмай жатқанымыз өкінішті-ақ.

Иә, өзге тілге мүмкіндік беріп қойған қолданыстағы заң осал десен, құлдық санадан арыла алмай жүрген өзіңді қайда қоясың.

Қазір көңіл бөліп қарасаңыз, эфирден өтіп жатқан көптеген қазақ тіліндегі әндердің ешқандай тәрбиелік мәні жоқ. Патриоттық ән дейін десен, бір айтулы датаға “тапсырыспен” жазылған өткінші жаңбыр сияқты бір тыңдағаннан кейін қайта тыңдауға зауқың соқпайтын сорақы әндер. Лирикалық әндеріміз де сол ауылдың ар жақ, бер жағында. Ол аз десеніз, қазақша сөз жазылған қырғыз бен өзбектің, түріктің, тіпті тілі түгілі діні басқа армянның да әні біздің эфирден шырқалып тұр.

Ақша тапқанның жолы осы екен деп ұлтыңның мәдениетін, ғасырлар бойы қалыптастырған тілін сатасың ба? Мәтіні қазақ тілінде болғасын қазақша ән екен деп тыңдарман шатасты. Мұны тыңдаған жас өспірімнің дүниеге деген танымы, өмірге деген көзқарасы өзгерді. Арзан танымалдылық үшін осындай ойсыз қадамдарға баратын жігіттер мен қыздардың қылығы қайран қалдырады. Онсыз да әлемдік жаһандануда жұтылып кетпейік деп жүргенімізде, бұл да “жығылғанға жұдырық” болғандай. Сол себепті, эфирде жүрген әншілер мен музыканттарға ұлтқа жанашырлықпен қарап, талғамдарының жоғары болғандарын қалаймыз.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Бар асыл мұрамызды ұстап қалу үшін, жас ұрпақты ұлтшыл етіп тәрбиелеу үшін, ертеңгі күніміздің негізін бүгін қалау үшін бізге эфир де, баспа да ауадай қажет. Халқымыздың музыкалық өнеріне үстірт қарап, жай көңіл көтеру үшін ғана қажет деп ойламауымыз керек. Ол – ең басты тәрбие құралы.

Тәрбие – тамырын тереңнен алатын тарихи үрдіс. Ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан мол қазынамыздың қадір-қасиетін жоғалтып алмас үшін, ұрпақ тәрбиесінде үнемі қарастырып, пайдаланып отыруымыз қажет.

Айналадағы қоғамдық өмірге, табиғат дүниесіне сезімталдық, танымдық көзқарасын қалыптастыру құралы – қазақ фольклоры, халықтың рухани байлығы, тарихи қазынасы.

Қазақ фольклоры – баланың қабылдауына жеңіл, күнделікті тұрмыс-тіршілігімен сабақтас, өмірдің өзінен туындаған көркем сөз өнері, әдемілік пен әдептіліктің ұлттық өлшемі, халықтық тәрбиенің сарқылмайтын мол қазынасы [2]. Фольклордың қай түрінде болмасын, халықтың өткен өмірі, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы мен әдет-ғұрпы, арман-тілегі, тіпті дүниетанымдық көзқарасы мен болашаққа деген сеніміне дейін бейнеленген. Сол үшін де оның келешек ұрпаққа берер тағылымы, педагогикалық маңызы зор. Ол өнерге деген сезімін оятады, құштарлығын арттырады, жақсылыққа тәрбиелейді, сұлулығымен, сазымен, керемет сөзімен сүйсіндіреді. Біз фольклордың барлық жанрындағы, тек фольклор емес кәсіби музыкамыздағы ұлағаттыққа, жөн-жосықты білуге, өсиетті орындай білуге, істің мәнісіне бойлай алуға тәрбиелейтін барлық қасиеттерін бала тәрбиесінде пайдалана алсақ, онда ұлтқа тән ізгі қасиеттерді сіңіре алғанымыз.

Әсіресе, шешендік сөздер, хисса-жырлар, бабалардан қалған баталы сөздер, дана ойдан туған ұлағатты өсиеттердің бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы зор.

Бұрымшыл халық бала тәрбиесіне көп көңіл бөле отырып, оның дүниеге келген күнінен бастап, әр жасаған қадамына, қылығына арнап той жасап,

дастарқанын жайған. Ондағы ойы – баласының адал, адамгершілікті, мейірбан, достарына сыйлы, бауырмал азамат болып өсуін көздеген.

Өзінің тәрбиелік мәнімен баланың санасына ізгілік сәулесін құятын бесік жырын тыңдап өскен ұрпақтың зерделі, парасатты, мейірімді, инабатты, өзінің көріктілігімен адам жанын баурайтын, эстетикалық талғамы жоғары болатынын күнделікті өмірден, олармен болған қарым-қатынастан көріп те, біліп те жүрміз.

Халық әндері мен жырларында, білінбей өтіп бара жатқан дәуренді өкінішсіз өткізу, қамшының сабындай ғана қысқа өмірде бір-бірімен сыйласу, жарға адалдық, жан тазалығын сақтау сияқты байыпты ойлар әрбір жасқа ой салары сөзсіз. Олай болса, еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық тәрбие құралдарының тегін тектеп, болмысын танытуымыз керек.

Жалпы, адамның дүниеге келген күннен бастап өмірден кеткеніне дейінгі ғұмырының барлығы әнмен, өлеңмен өтеді. Ұлы Абай айтқандай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең...» [1]. Бұл халқымыздың «Тал бесіктен жер бесікке дейін» дегеніндей, адам баласының бар ғұмыры өлеңмен тығыз байланысты деген сөз. Ұлы ойшылдардан қалған ұлағатты сөз, жырау, ақындардан қалған ойлы сөз ұрпақтан ұрпаққа бала тәрбиесінде атқарар рөлі аса зор болып қала бермек. Әнді сүймейтін пенде жоқ десе де болады. Демек, бұл әннің тағылымдық, тәрбиелік қасиеті мол деген сөз. Ән, жоқтау, сынсу, қоштасу сияқты саз үлгілерінде ерекше орны бар туындылар – алдымен тәрбие құралы болып табылады. Себебі, ұстаз тек ұрпақ тәрбиелеп қана қоймай, осындай тәлімі мол мұра арқылы ұдайы өзін-өзі тәрбиелеп отырады. Тек осыдан кейін ғана өнегелі, ақыл-парасаты толысқан азамат «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дегенді дәлелдеу арқылы, ұлы адамдардың қанатты сөздерінен рух алып, өмірлік ұстанымын анықтайды.

Қорытынды. Тек, ғасырлар бойы әртүрлі қоғамның сынағынан өтіп, бүгінге жеткен бабаларымыздың асыл мұрасынан, ата салтымыздан, өнегелі өнерінен тамыр үзбей, ұлттық рухта тәрбиеленген бала ғана елінің ертеңін ойлайтын, болашаққа сенімі зор, өмірге құлшынысы күшті азамат бола алады.

Бала бабалардан қалған соқпақтан шықпаса адаспайтыны хақ.

Сондықтан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан осынау асыл мұраларымыздың бірі музыкалық өнерді бағалап, үлгі-өнеге мен тәрбиенің көзі ретінде бүгінгі өмірімізге орнықтыра білейік, дәстүрлі тәрбие түрлерін, имандылық пен ұлттық сана-сезімді жастар арасында қайта жаңғыртып, бойларындағы қазақи қасиеттерді оятайық, дәстүр мәдениетін көркейтіп, дамыта берейік.

Әдебиеттер тізімі

1. Дүйсенбайұлы, Е. Абай шығармалар жинағы [Мәтін] / Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы: Жазушы, 2020. – 991 б.
2. Нысанбаев, Ә. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы [Мәтін] / Ә. Нысанбаев. – Алматы, 1998. – 535 б.
3. Музыкалық өнер [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://kitaphana.kz/kraevedenie/iskustvo/index.php?option=com_content&view=article&id=5559

Материал редакцияға 18.12.21 түсті.

Ә. Мұса

Академия национального искусства им Т. Жургенова, г. Алматы, Казахстан

МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ

Аннотация. В статье рассмотрено значение музыкального искусства в воспитании подросткового поколения. Изложено сущность и значение музыкального искусства, играющие значительную роль в воспитании обучающихся. Авторами сделан особый акцент на музыкальный фольклор, особые свойства которого оказывают благотворное воздействие на формирование патриотических чувств младших школьников.

Ключевые слова: фольклор, профессиональное искусство, воспитание, эфир, глобализация, человек, нация, песня, куй, поэма, дастан, певец, бюджет.

A. Moussa

T. Zhurgenov Academy of National Art, Almaty, Kazakhstan

MUSIC EDUCATION AS A BASIS OF EDUCATION PROCESS

Abstract. The article examines the importance of musical art in the upbringing of the younger generation. The essence and significance of musical art, which play a significant role in the education of students, are stated. The authors place a special emphasis on musical folklore, the special properties of which have a beneficial effect on the formation of patriotic feelings in primary schoolchildren.

Keywords: folklore, professional art, education, broadcasting, globalization, man, nation, song, kuy, poem, dastan, singer, budget.

References

1. Duisenbayuly E. Abaj shyғarmalar zhinaғы [Collection of works of Abai] /. - Almaty: Writer, 2020. - 991 p. [in Kazakh].
2. Nysanbaev A. Қазақстан. Ұлттық jenciklopedijasy [Kazakhstan. National encyclopedia]. –Almaty, 1998. - 535 p. [in Kazakh].
3. Musical art [Electronic resource]. - Access mode: https://kitaphana.kz/kraevedenie/iskustvo/index.php?option=com_content&view=article&id=5559